

ЧАСТНЫЙ МЕМОРАНДУМ

ВЫПУСКА НЕГОСУДАРСТВЕННЫХ ОБЛИГАЦИЙ

Полное наименование эмитента: Акционерное общество «КазАгроФинанс»

Сокращенное наименование эмитента: АО «КазАгроФинанс»

Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения негосударственных облигаций, описанных в частном меморандуме, и не подтверждает достоверность информации, содержащейся в данном документе.

Должностные лица эмитента подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно эмитента и его размещаемых негосударственных облигаций.

1. Полное и сокращенное наименование эмитента на казахском, русском и английском (при наличии) языках:

Язык	Полное наименование	Сокращенное наименование
На государственном языке	«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы	«ҚазАгроҚаржы» АҚ
На русском языке	акционерное общество «КазАгроФинанс»	АО «КазАгроФинанс»
На английском языке	Joint Stock Company «KazAgroFinance»	JSC «KazAgroFinance»

2. Бизнес-идентификационный номер эмитента:

991240000043.

3. Сведения о выпуске облигаций:

1) Вид облигаций, количество облигаций и общий объем выпуска облигаций:

- Вид облигаций: купонные облигации без обеспечения (далее – «Облигации»).
- Количество облигаций: 25 000 000 (двадцать пять миллионов) штук.
- Общий объем выпуска облигаций: 25 000 000 000 (двадцать пять миллиардов) тенге.

2) Номинальная стоимость одной облигации (если номинальная стоимость одной облигации является индексированной величиной, то дополнительно указывается порядок расчета номинальной стоимости одной облигации):

1 000 (одна тысяча) тенге.

3) Валюта номинальной стоимости облигации, платежа по основному долгу и (или) начисленному вознаграждению по облигациям:

Номинальная стоимость Облигаций выражена в национальной валюте Республики Казахстан – казахстанский тенге.

Все платежи (выплаты вознаграждения и суммы основного долга) осуществляются Эмитентом в безналичном порядке в казахстанских тенге, за исключением случаев, когда у держателя Облигаций – нерезидента Республики Казахстан отсутствует банковский счет в казахстанских тенге на территории Республики Казахстан.

В случае, если держателем Облигаций будет являться нерезидент Республики Казахстан выплата суммы основного долга и (или) начисленного вознаграждения по Облигациям будет производиться в казахстанских тенге при наличии у держателя Облигаций банковского счета в казахстанских тенге на территории Республики Казахстан.

В случае отсутствия у держателя Облигаций – нерезидента Республики Казахстан банковского счета в казахстанских тенге на территории Республики Казахстан допускается конвертация казахстанских тенге в доллар США или Евро при осуществлении выплаты вознаграждения и (или) основного долга по Облигациям.

Указанная конвертация осуществляется при условии получения Эмитентом не позднее чем за 5 (пять) рабочих дней до дня соответствующей выплаты от держателя Облигаций – нерезидента Республики Казахстан письменного заявления, содержащего указание на банковские реквизиты держателя Облигаций – нерезидента Республики Казахстан и валюту, в которой должен быть осуществлен платеж. Конвертация осуществляется по

курсу конвертации, установленному обслуживающим банком Эмитента на дату осуществления выплаты. Комиссия обслуживающего банка Эмитента за проведение конвертации казахстанских тенге в доллар США или Евро производится за счет держателя Облигаций – нерезидента Республики Казахстан и будет удержана из суммы, подлежащей перечислению держателю Облигаций – нерезиденту Республики Казахстан.

- 4) *Размер ставки основного вознаграждения по облигациям и дополнительного вознаграждения в случае его наличия:*

Ставка купонного вознаграждения – 11,5% (одиннадцать целых пять десятых процентов) годовых, фиксированная на весь срок обращения Облигаций.

В случае выплаты дополнительного вознаграждения отражается порядок определения размера дополнительного вознаграждения по облигациям с указанием источников информации о событиях, от наступления или ненаступления которых зависит получение дополнительного вознаграждения по облигациям:

Дополнительное вознаграждение по Облигациям отсутствует.

В случае выплаты вознаграждения и номинальной стоимости при погашении облигаций иными имущественными правами, приводится описание этих прав, способов обеспечения их сохранности, порядка оценки и лиц, правомочных осуществлять оценку указанных прав, а также порядка перехода этих прав:

Выплата вознаграждения и номинальной стоимости при погашении Облигаций не будет производиться иными имущественными правами.

- 5) *Порядок и условия выплаты вознаграждения по облигациям с указанием периодичности выплаты вознаграждения и (или) даты выплаты вознаграждения и способа получения вознаграждения.*

Периодичность выплаты вознаграждения по облигациям:

Выплата вознаграждения по Облигациям производится 2 (два) раза в год через каждые 6 (шесть) месяцев с даты начала обращения Облигаций в течение всего срока обращения Облигаций.

Дата, с которой начинается начисление вознаграждения по облигациям:

Начисление вознаграждения по Облигациям начинается с даты начала обращения Облигаций. Начисление вознаграждения производится в течение всего срока обращения Облигаций и заканчивается в последний день периода обращения Облигаций.

Условия и способ получения вознаграждения по облигациям:

Вознаграждение выплачивается лицам, которые обладают правом на его получение и зарегистрированы в системе реестров держателей ценных бумаг Эмитента по состоянию на начало последнего дня периода, за который осуществляется выплата вознаграждения (по времени в месте нахождения центрального депозитария, осуществляющего ведение системы реестров держателей Облигаций) (далее – «День фиксации»).

Выплата вознаграждения осуществляется путем перевода Эмитентом денег на банковские счета держателей Облигаций, зарегистрированных в реестре держателей Облигаций по состоянию на начало Дня фиксации (по времени в месте нахождения центрального депозитария, осуществляющего ведение системы реестров держателей Облигаций), в течение 15 (пятнадцати) календарных дней, следующих за Днем фиксации.

Сумма купонного вознаграждения, подлежащего выплате каждому держателю Облигаций, на дату выплаты рассчитывается как произведение номинальной стоимости размещенных Облигаций, принадлежащих соответствующему держателю Облигаций, и полугодовой ставки купонного вознаграждения (годовая ставка купонного вознаграждения по Облигациям, деленная на два). Количество знаков после запятой и метод округления определяются в соответствии с правилами Биржи.

Выплата купонного вознаграждения за последний купонный период производится одновременно с выплатой основной суммы долга по Облигациям.

Выплата вознаграждения по Облигациям будет производиться из расчета временной базы 360 (триста шестьдесят) дней в году и 30 (тридцать) дней в месяце в течение всего срока обращения.

6) *Дата начала и срок обращения облигаций:*

Датой начала обращения Облигаций является дата проведения Первых состоявшихся торгов по размещению Облигаций, которые будут проводиться в соответствии с правилами Биржи. Информация о дате начала обращения Облигаций будет опубликована на официальном интернет-ресурсе Биржи (www.kase.kz).

Срок обращения Облигаций составляет 10 (десять) лет с даты начала обращения Облигаций.

7) *Дата и способ погашения облигаций.*

Дата погашения облигаций:

В течение 15 (пятнадцати) календарных дней, следующих за последним днем срока обращения Облигаций.

Способ погашения облигаций:

Выплаты по погашению основного долга по Облигациям осуществляются с одновременной выплатой последнего купонного вознаграждения по Облигациям.

Погашение суммы основного долга будет осуществляться путем перевода денег на банковские счета держателей Облигаций, обладающих правом на получение указанной выплаты и зарегистрированных в реестре держателей Облигаций по состоянию на начало последнего дня срока обращения Облигаций (по времени в месте нахождения центрального депозитария, осуществляющего ведение системы реестров держателей Облигаций).

4. **Сведения об имуществе эмитента, являющемся полным или частичным обеспечением обязательств по выпущенным облигациям:**

1) **описание обеспечения по выпущенным облигациям с указанием стоимости данного имущества;**

2) **процентное соотношение стоимости обеспечения к совокупному объему выпуска облигаций;**

3) **порядок обращения взыскания на предмет залога.**

Облигации данного выпуска не являются обеспеченными.

5. **Данные банка, предоставившего гарантию, с указанием его наименования, места нахождения, реквизитов договора гарантии, срока и условий гарантии (если облигации обеспечены гарантией банка).**

Облигации данного выпуска не имеют гарантии банка.

6. Целевое назначение использования денег, полученных от размещения облигаций. Указываются конкретные цели использования денег, которые эмитент получит от размещения облигаций.

Средства, полученные от размещения Облигаций данного выпуска, планируется направить на закуп предметов лизинга для дальнейшей передачи в финансовый лизинг субъектам агропромышленного комплекса.

В случае выпуска «зеленых» облигаций, указывается информация о соответствии целевого назначения использования денег, полученных от размещения облигаций, классификации «зеленых» проектов, подлежащих финансированию через «зеленые» облигации и «зеленые» кредиты, утвержденной Правительством Республики Казахстан, и (или) международно-признанным принципам и стандартам в сфере экологии и (или) «зеленого» финансирования.

Облигации данного выпуска не являются «зелеными».

В случае выпуска социальных облигаций (облигаций, выпущенных для привлечения денег в целях финансирования реализации социальных проектов), приводится краткое описание соответствующего проекта, направленного на реализацию социальных задач, на финансирование которого будут использоваться деньги, полученные от размещения данных облигаций, а также информация о соответствии данного проекта международно-признанным принципам и стандартам в области устойчивого развития.

Облигации данного выпуска не являются социальными.

В случае выпуска облигаций устойчивого развития (облигаций, выпущенных для привлечения денег в целях финансирования или рефинансирования комбинации «зеленых» и социальных проектов), приводится краткое описание соответствующего проекта, направленного на реализацию задач устойчивого развития, на финансирование которого будут использоваться деньги, полученные от размещения данных облигаций, а также информация о соответствии данного проекта международно-признанным принципам и стандартам в области устойчивого развития.

Облигации данного выпуска не являются облигациями устойчивого развития.

В случае выпуска «зеленых», социальных облигаций и облигаций устойчивого развития дополнительно указываются:

- источники информации, на которых эмитентом будет осуществляться раскрытие информации о ходе реализации проекта, на финансирование которого использованы деньги, полученные от размещения данных облигаций;*
- меры, которые будут предприняты эмитентом в случае, если проект, на финансирование которого использованы деньги, полученные от размещения данных облигаций, перестанет соответствовать классификации «зеленых» проектов, подлежащих финансированию через «зеленые» облигации и «зеленые» кредиты, утвержденной Правительством Республики Казахстан, и (или) международно-признанным принципам и стандартам в сфере экологии и (или) «зеленого» финансирования и (или) устойчивого развития.*

Облигации данного выпуска не являются «зелеными», социальными или облигациями устойчивого развития.

В случае выпуска облигаций, связанных с устойчивым развитием (облигаций, характеристики которых меняются в зависимости от достижения эмитентом заранее определенных им целей в области устойчивого развития), описываются:

- показатели, используемые для оценки достижения заранее определенных эмитентом целей в области устойчивого развития;
- методика расчета указанных показателей;
- источники информации, на которых эмитентом будет осуществляться раскрытие информации о выполнении установленных им показателей.

Облигации данного выпуска не являются облигациями устойчивого развития.

В случае выпуска инвестиционных облигаций, деньги от размещения которых направляются на финансирование проекта, приводится краткое описание данного проекта.

Облигации данного выпуска не являются инвестиционными.

7. Права, предоставляемые держателю облигаций:

- 1) право на получение номинальной стоимости при погашении Облигаций в порядке и сроки, предусмотренные настоящим частным меморандумом;
- 2) право на получение по Облигациям фиксированного процента от их номинальной стоимости в сроки и в размере, предусмотренные настоящим частным меморандумом;
- 3) право на получение информации о деятельности Эмитента и его финансовом состоянии в соответствии и в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан и правилами Биржи;
- 4) право на удовлетворение своих требований в отношении Облигаций в случаях и порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан;
- 5) право заявить все или часть Облигаций к выкупу в случаях, установленных настоящим частным меморандумом;
- 6) право свободно продавать и иным образом распоряжаться Облигациями;
- 7) право требования выкупа Эмитентом Облигаций в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и настоящим частным меморандумом. Условия, порядок и сроки реализации держателями Облигаций своих прав на требование выкупа принадлежащих им Облигаций указаны далее в настоящем подпункте:

а) держатели Облигаций имеют право требовать выкупа принадлежащих им Облигаций в случае, если Эмитент допустил нарушение любого из условий, установленных пунктом 2 статьи 15 Закона о рынке ценных бумаг, и в случаях, предусмотренных подпунктами 1) и 2) пункта 2 статьи 18-4 Закона о рынке ценных бумаг.

В случае допущения Эмитентом нарушения любого из условий, установленных пунктом 2 статьи 15 Закона о рынке ценных бумаг, выкуп осуществляется по цене, соответствующей номинальной стоимости Облигаций с учетом накопленного вознаграждения.

При наступлении случаев, предусмотренных подпунктами 1) и 2) пункта 2 статьи 18-4 Закона о рынке ценных бумаг, Эмитент обязан осуществить выкуп размещенных Облигаций по наибольшей из следующих цен: (i) цене, соответствующей номинальной стоимости Облигаций с учетом накопленного вознаграждения; (ii) справедливой рыночной цене Облигаций.

В случае возникновения любого из оснований для выкупа, предусмотренных пунктом 2 статьи 15 и подпунктами 1) и 2) пункта 2 статьи 18-4 Закона о рынке ценных бумаг, Эмитент в течение 3 (трех) рабочих дней, следующих за днем наступления указанных

оснований, обязан довести до сведения держателей Облигаций информацию о возникновении основания для выкупа Облигаций посредством размещения соответствующего информационного сообщения на официальных интернет-ресурсах Эмитента (www.kaf.kz), Биржи (www.kase.kz) и Депозитария финансовой отчетности (www.dfo.kz). Данная информация должна включать подробное описание того, какое из оснований для выкупа Облигаций имеет место, а также иную информацию в случае ее необходимости.

В течение 20 (двадцати) календарных дней, следующих за датой первой публикации указанного выше информационного сообщения, держатели Облигаций имеют право подать, а Эмитент обязан принять письменные заявления о выкупе с указанием количества Облигаций, заявленных к выкупу.

В случае получения хотя бы одного письменного заявления о выкупе Облигаций, Совет директоров Эмитента обязано в течение 20 (двадцати) календарных дней, следующих за последним днем периода приема письменных заявлений на выкуп, принять решение о:

- выкупе Облигаций;
- цене, по которой будет производиться выкуп Облигаций;
- количестве выкупаемых Облигаций;
- дате проведения выкупа Облигаций - при этом дата проведения выкупа должна быть назначена на день не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты принятия решения Советом директоров Эмитента о выкупе Облигаций;
- порядке расчетов, в том числе:
 - (а) порядок подачи приказов держателями Облигаций в центральный депозитарий, осуществляющий деятельность по ведению реестра держателей Облигаций, на списание Облигаций в результате их выкупа и (б) порядок перевода денежных средств держателю Облигаций в оплату выкупленных у него Облигаций;
- иные решения, необходимые для организации выкупа Облигаций Эмитентом.

Эмитент в течение 3 (трех) рабочих дней, следующих за датой принятия Советом директоров Эмитента решения о выкупе Облигаций, обязан довести до сведения держателей Облигаций информацию о принятии такого решения посредством размещения соответствующего информационного сообщения на официальных интернет-ресурсах Эмитента (www.kaf.kz), Биржи (www.kase.kz) и Депозитария финансовой отчетности (www.dfo.kz). Опубликованные сведения, должны содержать следующие сведения:

- цена, по которой будет производиться выкуп Облигаций, с указанием порядка расчета данной цены;
- количество выкупаемых Облигаций;
- дата проведения выкупа Облигаций;
- порядок расчетов, в том числе: (а) порядок подачи приказов держателями Облигаций в центральный депозитарий, осуществляющий деятельность по ведению реестра держателей Облигаций, на списание Облигаций в результате их выкупа и (б) порядок перевода денежных средств держателю Облигаций в оплату выкупленных у него Облигаций;

- иная информация, необходимая для организации выкупа Облигаций Эмитентом.

Выкуп размещенных Облигаций осуществляется Эмитентом в срок не более 30 (тридцати) календарных дней с даты принятия Советом директоров Эмитента решения о выкупе Облигаций.

б) в случае наступления события дефолта, предусмотренного настоящим частным меморандумом.

Порядок и сроки реализации держателями Облигаций своего права на требование выкупа принадлежащих им Облигаций в случае наступления события дефолта указаны в пункте 8 настоящего частного меморандума.

8) иные права, вытекающие из права собственности на Облигации в случаях и в порядке, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

8. Меры, которые будут предприняты эмитентом в случае наступления дефолта по облигациям, включая процедуры защиты прав держателей облигаций при неисполнении или ненадлежащем исполнении обязательств по выплате вознаграждения по облигациям, в том числе порядок и условия реструктуризации обязательств:

Дефолт – это невыполнение обязательств по эмиссионным ценным бумагам и иным финансовым инструментам. Событием, при наступлении которого может быть объявлен дефолт по Облигациям Эмитента (далее – «Событие дефолта»), является частичное или полное неисполнение обязательств Эмитента по выплате суммы основного долга и (или) купонного вознаграждения по Облигациям в сроки, установленные настоящим частным меморандумом для выплаты основного долга и (или) купонного вознаграждения.

В случае наступления События дефолта по Облигациям Эмитент обязан начислить и выплатить держателям Облигаций неустойку, исходя из официальной ставки рефинансирования Национального Банка Республики Казахстан на день исполнения денежного обязательства о выплате суммы основного долга и (или) купонного вознаграждения по Облигациям (день фактического платежа) или его соответствующей части, за каждый день просрочки (последним днем начисления неустойки является день фактического платежа).

Не является дефолтом по облигациям невыплата либо неполная выплата вознаграждения и/или номинальной стоимости облигаций Эмитентом в порядке и в сроки, установленные настоящим частным меморандумом, если такая невыплата и/или неполная выплата стала результатом получения Эмитентом недостоверных либо неполных реквизитов банковского счета держателя облигаций, делающее невозможным осуществление Эмитентом выплаты вознаграждения и/или номинальной стоимости, либо непредставления АО «Центральный депозитарий ценных бумаг» Эмитенту реестра держателей облигаций в порядке и в сроки, установленные законодательством и заключенным с ним договором.

Эмитент освобождается от ответственности за частичное или полное неисполнение своих обязательств по Облигациям, если это неисполнение явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы. Под обстоятельствами непреодолимой силы понимаются обстоятельства, наступление которых не представлялось возможным предвидеть или предотвратить (стихийные явления, военные действия, акты уполномоченных органов запретительного или ограничительного характера и т.п.). В случае возникновения обстоятельств непреодолимой силы, срок выполнения Эмитентом своих обязательств, предусмотренных настоящим частным меморандумом,

отодвигается соразмерно периоду времени, в течение которого действуют такие обстоятельства и их последствия.

Порядок и условия реструктуризации обязательств оговариваются Эмитентом с держателями Облигаций путем проведения переговоров. Решение о реструктуризации обязательств Эмитента принимается Советом директоров с согласия кредиторов в соответствии с законодательством Республики Казахстан, в том числе с учетом прав, предоставляемых Облигацией ее держателю. Эмитент доводит информацию о наступлении События дефолта до сведения держателей Облигаций в сроки, в порядке и с применением способов, указанных в подпункте 3) настоящего пункта.

В течение 20 (двадцати) календарных дней, следующих за датой первой публикации информационного сообщения о наступлении События дефолта, Эмитент обязан осуществлять прием письменных заявлений держателей Облигаций либо прав требования по Облигациям о выкупе Облигаций (прав требования по Облигациям) по цене, соответствующей номинальной стоимости Облигаций с учетом накопленного вознаграждения, с указанием количества Облигаций, заявленного к выкупу.

Не позднее 30 (тридцати) календарных дней, следующих за датой первой публикации информационного сообщения о наступлении События дефолта, Эмитент обязан созвать и провести общее собрание держателей Облигаций.

В повестку дня общего собрания держателей Облигаций, помимо иных вопросов, должны быть включены вопросы об утверждении подготовленного Эмитентом плана мероприятий по восстановлению своей платежеспособности и (при необходимости) проекта возможных изменений в настоящий частный меморандум.

В случае если по итогам проведения общего собрания держателей Облигаций, план мероприятий по восстановлению платежеспособности не будет утвержден и будет принято решение о невозможности восстановления Эмитентом своей платежеспособности, а также, если Эмитент, в сроки предусмотренные законодательством, регулирующим общественные отношения, возникающие при неспособности должника удовлетворить в полном объеме требования кредиторов, не исполнил свои обязательства по выплате суммы основного долга и (или) купонного вознаграждения по Облигациям и выкупу Облигаций по полученным письменным требованиям держателей Облигаций, дальнейшие действия Эмитента и держателей Облигаций или прав требования по Облигациям регулируются законодательством Республики Казахстан в сфере реабилитации и банкротства.

В случае если по итогам проведения общего собрания держателей Облигаций план мероприятий по восстановлению платежеспособности будет утвержден, Совет директоров Эмитента принимает решение о реализации данного плана мероприятий по восстановлению платежеспособности с учетом прав, предоставляемых Облигацией ее держателю.

При наступлении События дефолта по Облигациям, Эмитент приложит все усилия для устранения причин, вызвавших такое Событие дефолта, и обеспечения прав держателей Облигаций.

В случае наступления События дефолта, Эмитент в течение 3 (трех) рабочих дней, следующих за днем наступления соответствующего события, обязан довести данную информацию до сведения держателей Облигаций посредством размещения соответствующего информационного сообщения на официальном интернет-ресурсе Эмитента (www.kaf.kz), Биржи (www.kase.kz) - в порядке, установленном ее правилами, и на официальном интернет-ресурсе Депозитария финансовой отчетности (www.dfo.kz)

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ

ЖЕКЕ МЕМОРАНДУМЫ

Эмитенттің толық атауы: «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы

Эмитенттің қысқаша атауы: «ҚазАгроҚаржы» АҚ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты жеке меморандумда сипатталған қандай да болсын ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дәйектілігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.

1. Эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (болған жағдайда) тілдеріндегі толық және қысқаша атауы:

Тілі	Толық атауы	Қысқаша атауы
Мемлекеттік тілде	«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы	«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «КазАгроФинанс»	АО «КазАгроФинанс»
Ағылшын тілінде	Joint Stock Company «KazAgroFinance»	JSC «KazAgroFinance»

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

991240000043.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) *Облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:*

- Облигациялардың түрі: қамтамасыз етусіз купондық облигациялар (бұдан әрі – «Облигациялар»).
- Облигациялардың саны: 25 000 000 (жиырма бес миллион) дана.
- Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі: 25 000 000 000 (жиырма бес миллиард) теңге.

2) *Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):*

1 000 (бір мың) теңге.

3) *Облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:*

Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – қазақстандық теңгемен көрсетілген.

Эмитент барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді), Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банк шоты болмаған жағдайларды қоспағанда, қазақстандық теңгемен қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы сомасы Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банктік шот болған кезде қазақстандық теңгемен төленетін болады.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банк шоты болмаған жағдайда, Облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу кезінде қазақстандық теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі.

Көрсетілген айырбастау Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының банктік деректемелері және төлем жүзеге асырылуға тиіс валюта көрсетілген жазбаша өтініпті алған жағдайда жүзеге асырылады. Айырбастау төлем жүзеге асырылған күнге Эмитентке қызмет көрсететін банк белгілеген айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады. Эмитенттің қызмет көрсетуші банкінің қазақстандық теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауды жүргізгені үшін комиссиясы Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі және Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыға аударуға жататын сомадан ұсталады.

- 4) *Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері:*

Купондық сыйақы мөлшерлемесі - Облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне тиянақталған жылдық 11,5% (он бір бүтін оннан бес пайыз).

Қосымша сыйақы төленген жағдайда Облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, Облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі:

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ.

Облигацияларды өзге де мүлктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі:

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнды төлеу өзге мүлктік құқықтармен жүргізілмейтін болады.

- 5) *Сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары..*

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналысының басталған күнінен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

Облигациялар бойынша сыйақы есептеле бастайтын күн:

Облигациялар бойынша сыйақы Облигациялар айналысы басталған күннен бастап есептеле бастайды. Сыйақы Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде есептеледі және Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні аяқталады.

Облигациялар бойынша сыйақы алу талаптары мен тәсілі:

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тиянақталған күн») Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

Сыйақыны төлеу Эмитенттің Тиянақталған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тиянақталған күннің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды

ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аударуы арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір Облигация ұстаушыға төленуге жататын купондық сыйақы сомасы төлеу күніне тиісті Облигация ұстаушыға тиесілі орналастырылған Облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің (Облигациялар бойынша купондық сыйақының екіге бөлінген жылдық мөлшерлемесі) туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалардың саны және дөңгелектеу әдісі Биржаның ережелеріне сәйкес анықталады.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасы есебінен жүргізілетін болады.

6) *Облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі:*

Облигациялар айналысының басталу күні Биржаның ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша Алғашқы сауда-саттық өткізілген күн болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады (www.kase.kz).

Облигациялардың айналым мерзімі Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жылды құрайды.

7) *Облигацияларды өтеу күні және тәсілі.*

Облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

Облигацияларды өтеу тәсілі:

Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша төлемдер Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны төлеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

Негізгі борыш сомасының өтелуі аталған төлемді алу құқығына ие және Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.

4. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) *осы мүлктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;*

2) *қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;*

3) *кепіл затын өндіріп алу тәртібі.*

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

5. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

Осы шығарылым облигацияларының банк кепілдігі жоқ.

6. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты. Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі.

Осы шығарылымның Облигацияларын орналастырудан алынған қаражатты агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кейіннен қаржы лизингіне беру үшін лизинг нысаналарын сатып алуға жұмсау жоспарлануда.

«Жасыл» облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобаларды жіктеудің және (немесе) экология және (немесе) «жасыл» қаржыландыру саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттардың сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.

Осы шығарылымның облигациялары «жасыл» облигациялар болып табылмайды.

Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда (әлеуметтік жобаларды іске асыруды қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

Осы шығарылымның облигациялары әлеуметтік облигациялар болып табылмайды.

Тұрақты даму облигацияларын шығарған жағдайда («жасыл» және әлеуметтік жобалардың комбинациясын қаржыландыру немесе қайта қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын тұрақты даму міндеттерін іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның тұрақты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

Осы шығарылымның облигациялары тұрақты даму облигациялары болып табылмайды.

«Жасыл», әлеуметтік облигациялар және тұрақты даму облигациялары шығарылған жағдайда мыналар қосымша көрсетіледі:

- қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты жария етуді эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері;*
- егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобалардың жіктелуіне және (немесе) экология және (немесе) «жасыл» қаржыландыру және (немесе) тұрақты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар.*

Осы шығарылымның облигациялары «жасыл», әлеуметтік немесе тұрақты даму облигациялары болып табылмайды.

Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда (сипаттамалары эмитенттің тұрақты даму саласында өзі бұрын айқындаған мақсаттарға жетуіне қарай өзгертін облигациялар):

- тұрақты даму саласында алдын ала белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштер;
- көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі;
- эмитент өзі белгілеген көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады.

Осы шығарылымның облигациялары тұрақты даму облигациялары болып табылмайды.

Орналастырудан түскен ақшаны жобаны қаржыландыруға жіберілетін инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі.

Осы шығарылымның облигациялары инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

7. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

- 1) осы жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
- 2) Облигациялар бойынша осы жеке меморандумда көзделген мерзімде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа ережелеріне сәйкес және ондағы көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 5) осы жеке меморандумда белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;
- 6) Облигацияларды еркін сату және оларға басқа жолмен иелік ету құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жеке меморандумда көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы. Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқықтарын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері одан әрі мына тармақшада көрсетілген:

а) егер Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген талаптардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген талаптардың кез келгенін бұзған жағдайда, жинақталған сыйақы ескеріле отырып, сатып алу Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар басталған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды: (i) жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша; (ii) Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша ең жоғары бағамен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.kaf.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің туындауы туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысы орын алғаны туралы егжей-тегжейлі сипаттаманы, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, Облигацияларды ұстаушылардың сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқығы бар, ал Эмитент оны қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде:

- Облигацияларды сатып алу туралы;
- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға туралы;
- Сатып алынатын Облигациялардың саны туралы;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні туралы – бұл ретте сатып алуды жүргізу күні Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін күнге тағайындалуға тиіс;
- есеп айырысулар тәртібі туралы, оның ішінде:
 - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға арналған бұйрықтарды беру тәртібі туралы және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигациялардың ақысын төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі туралы;
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдерді қабылдауға міндетті.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.kaf.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылдануы туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтер:

- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға туралы, осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып;

- сатып алынатын Облигациялардың саны туралы;
- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін күн туралы;
- есеп айырысу тәртібі туралы, оның ішінде: (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға арналған бұйрықтарды беру тәртібі туралы және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигациялардың ақысын төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі туралы;
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпаратты қамтуға тиіс.

Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

б) осы жеке меморандумда көзделген дефолт оқиғасы басталған жағдайда.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы жеке меморандумның 8-тармағында көрсетілген.

- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға деген меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

8. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қолданатын шаралар:

Дефолт - бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерінің ішінара немесе толық орындалмауы Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») болып табылады.

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент мерзімі өткен әрбір күн үшін (нақты төлеу күні тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні болып табылады) Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын немесе оның тиісті бөлігін төлеу туралы ақшалай міндеттемені орындау күніне (нақты төлем күні) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып, Облигацияларды ұстаушыларға тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитенттің осы жеке меморандумда белгіленген тәртіпте және мерзімде сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлемеуі немесе толығымен төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруын мүмкінсіз ететін Эмитенттің облигацияларды ұстаушының банк шотының дәйексіз немесе толымсыз деректемелерін алуы нәтижесі, не болмаса «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ның Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде облигацияларды ұстаушылар тізілімін ұсынбау нәтижесі болып табылатын болса, облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара орындағаны үшін немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайлары деп түсініледі (табиғи құбылыстар, әскери қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.). Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы жеке меморандумда көзделген міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне мөлшерлес етіп кейінге шегеріледі.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтарын ескере отырып қабылдайды. Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген мерзімде, тәртіпте және тәсілдерді қолдана отырып, Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып, сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарды қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы жеке меморандумға ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмеген болса және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ егер борышкер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде Эмитент негізгі борыш сомасын және (немесе) Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу бойынша және Облигацияларды ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушылардың одан арғы іс-әрекеттері немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде аталмыш ақпаратты тиісті ақпараттық хабарды Эмитенттің (www.kaf.kz), Биржаның (www.kase.kz) ресми интернет-ресурсына – оның ережелерімен белгіленген тәртіпте және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурсына – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабары мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- Дефолт оқиғасының басталуын тудырған себептердің толық сипаттамасы;
- орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдары;
- Дефолт оқиғасының басталуын тудырған себептерді жою үшін Эмитент қолданған немесе қолданатын шаралар;
- Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

Басқарма Төрағасы

Прашев А.Г.



Пролито, пронумеровано
на 20 листах

